



«Reservoir Evaluation Services» ЖШС

БЕКІТІЛДІ:



Гольмшток А.А.  
«Reservoir Evaluation Services» ЖШС  
директоры

12 қазан 2016 ж.

## Іскерлік Жүріс-тұрыс Кодексі

### 1. Заңдар мен нормативтік ережелерді сақтау

#### **ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР**

Әрбір Қызметкерден немесе Өкілден, оның лауазымдық міндеттері шеңберінде сақталуы тиіс, міндетті нормаларды жеткілікті түрде түсіну және егер де қандай да бір күмән туындайтын болса, қандай іс-әрекет жоспарын қондануға қатысты, оның басшысына кеңес беру талап етіледі.

Қосымша түрде, әрбір Қызметкерден немесе Өкілден, «Reservoir Evaluation Services» ЖШС клиенттерімен, жеткізушілерімен немесе өзге де серіктестерімен өзара қарым қатынастары кезінде қабылданған, кез келген міндеттемелерді адал атқару және сақтау талап етіледі. Ол объективтілік пен айқындылық критерийлері негізінде осы серіктестермен және жеткізушілермен кіршіксіз қатынаста болуы тиіс.

#### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі барлық түрдегі сыбайлас жемқорлықты қаламайды. Атап айтқанда, «Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі, «Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жасаған кезде шетелдік лауазымды тұлғаларды сатып алумен күрес туралы» ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) конвенциясының және соған байланысты ұлттық заңдардың (АҚШ Шетелдік Сыбайлас Жемқорлық тәжірибесі туралы заңын қоса алғанда) және UNGC 10-қағидасының талаптарына сәйкес, «бизнесті алу немесе ұстап тұру үшін немесе халықаралық коммерциялық қызметті жүргізу кезінде тиісті өзге артықшылықтарды алу үшін», компанияның ешқашан сыбайлас жемқорлыққа бармайтындығын мәлімдейді.

#### **АНТИТРЕСТ ЗАҢДАРЫ МЕН НОРМАТИВТІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ**

Көптеген елдерде адал бәсекелестікті мақұлдайтын және сауданың дамуына шектеу келтіруі мүмкін (мысалы, жеткізушілер арасындағы заңсыз келісімдер) белгілі бір іс әрекеттерге тыйым салатын заңдар мен нормативтік ережелер бар. ЖШС Қызметкерлері мен Өкілдері осы заңдар мен нормативтік ережелерді білуге және сақтауға тиіс; мұны орындамау ЖШС-і үшін, сонымен қатар сол бөлімшелер үшін келеңсіз салдарға әкеліп

соқтыруы мүмкін. Бұл заңдар мен нормативтік ережелер көп жағдайда күрделі болып табылады және күмән туындаған жағдайда, Қызметкерлер, осы сала бойынша хабары бар, ЖШС персоналынан барынша толық ақпараттарды алуға тиіс.

## **2. Мүдделердің қарама қайшылықтарына жол бермеу**

### ***БӘСЕКЕЛЕСТЕРМЕН, КЛИЕНТТЕРМЕН НЕМЕСЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТАР***

Мүдделердің қарама қайшылықтары, Қызметкердің немесе Өкілдің жеке мүдделері немесе оның достарының немесе туыстарының жеке мүдделері «Reservoir Evaluation Services» ЖШС компаниясының немесе «Reservoir Evaluation Services» ЖШС клиентінің немесе жеткізушісінің мүдделерімен тікелей немесе жанама түрде қайшы келуі немесе қайшы болған жағдайларды туындайды.

Осы қағидаларға сәйкес мүдделердің қақтығысына төмендегілер жатады:

- Олар туралы тиісті персонал хабар берген және рұқсаты алынған жағдайларды қоспағанда, клиенттермен, жеткізушілермен, серіктестермен немесе бәсекелестермен жеке операцияларды жүргізу фактісі.
- Олар туралы тиісті персонал хабар берген және рұқсаты алынған жағдайларды қоспағанда, клиенттермен, жеткізушілермен, серіктестермен немесе бәсекелестермен жеке операцияларды жүргізу немесе қаржылық мүдденің болу фактісі.
- Құпия ақпаратты беретін немесе соңынан ықпалды пайдалануға ұштастыратын қарым қатынастардың болу фактісі, атап айтқанда, келесі жағдайларды:
  - (i) Клиентпен, жеткізушімен, серіктеспен немесе бәсекелеспен шығарылған акцияларды тікелей немесе жанама иелену.
  - (ii) ЖШС шешіміне ықпал ету үшін, ЖШС тысқары жерде үшінші тараптан берілетін қарыздарды, аванстық төлемдерді, кепілдіктерді немесе өзге де қызметтерді алуға акцепт беру немесе өтініш білдіру.
  - (iii) ЖШС жұмыстарын жүргізумен қатар, ЖШС жеткізушісімен, клиентімен немесе бәсекелесімен жүргізілетін жұмыстар.

### ***АДАЛ САУДА***

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС Қызметкерлері немесе Өкілдері адал сауда ережелерін, атап айтқанда, клиенттер мен жеткізушілерге қатысты барлық тараптарға өзара тиімді сауданы сақтауға міндетті. Мұндай саясат, ұзақ қарым қатынастарды тудыратын, сенім атмосферасын қалыптастырады.

Біздің клиенттермен қарым-қатынастарымыз және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алу қабілетіміз біздің ЖШС мәдениетінің негізі болып табылады. Өз Клиенттерімізге, бағасына, сапасына, жеткізу мерзіміне, қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға деген құрметіне қатысты оңтайлы құндылыққа ие, ең заманауи технологиялық өнімдер мен қызметтерді жеткізуді өз борышымыз деп санаймыз.

### ***СЫЙАҚЫ, СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР***



Қызметкерге немесе Өкілге клиенттен, жеткізушіден немесе бәсекелестен сыйлық, сыйақы немесе қандай да бір жеңілдікті алуына немесе тартуына жол берілмейді. Қолма қол ақшамен төленбейтін және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты ережелерге және тәжірибеге сәйкес келетін, құны аз сыйлықтарды немесе жеңілдіктерді ғана сыйға тартуға болады.

Қандай да бір күмәндар туындаған жағдайда Қызметкерлер немесе Өкілдер өздерінің тікелей басшыларына хабарласуға тиіс.

Ешқандай жағдайда Қызметкер немесе Өкіл сыйлықты немесе өзге де жеңілдікті бопсалай алмайды.

### ***ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ***

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі өз қызметкерлерінің өз ойларын білдіру құқықтарын және олардың қоғамдық өмірге азаматтар ретінде қатысу құқықтарын құрметтейді.

Мүдделердің қарама қайшылықтарына жол бермеу үшін, Қызметкерлер немесе Өкілдер ЖШС-ны өзінің қоғамдық немесе саяси қызметіне тартудан, ЖШС-ның қаражаттарын саяси кандидаттарды немесе партияларды қолдауға жұмсаудан немесе ЖШС-ға қатысты мемлекеттік мекеменің немесе өзге де үкіметтік органның қандай да бір шешімінің қабылдануына қатысудан алшақ болулары тиіс.

### **3. Адамдарға және қоршаған ортаға құрмет**

#### ***ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ***

##### ***Денсаулық және қауіпсіздік***

Қызметкерлер мен Өкілдердің денсаулығы мен қауіпсіздігі «Reservoir Evaluation Services» ЖШС үшін басты маңызға ие. Әрбір Қызметкердің және Өкілдің қауіпсіз жағдайда және денсаулыққа қауіпсіз өндірістік жағдайда жұмыс істеуге құқықтары бар, сондай-ақ, жауапты жүріс – тұрыс арқылы ондай жағдайларға өз үлесін қосуға жауапты. Бұл саладағы ЖШС-нің саясаты барлық Қызметкерлерге немесе Өкілдерге және мердігерлерге қолданылады және еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жүйесіне негізделген және ол тәуекелдерді басқаруға алдын алу тұрғысынан келуді қарастырады. Бұл саясатты, үлгілі жүріс-тұрыс арқылы және жалпы қырағылықты көрсете отырып, әрбір Қызметкер және өкіл қолдаулары тиіс.

##### ***Қауіпсіздік***

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі өзіне, ресурстарды жинақтау арқылы және өзінің Қызметкерлері мен Өкілдерін қорғау процедураларын, өзінің активтері мен қайғылы оқиғалардан, қылмыстық, жауыздық немесе қасақана әрекеттерден туындайтын, жоғалу және жойылудан қорғану операцияларын атқару арқылы жұмыс жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттемесін алады. Әрбір қызметкер және үлестес тұлға өздерінің жұмыс орындарында қауіпсіздікпен байланысты тәуекелдердің тиісті түрде нақтылап, айқындалуына жауап береді.

### ***Қоршаған орта***

Біздің тұрақты даму жөніндегі міндеттемелеріміздің шеңберінде, «Reservoir Evaluation Services» ЖШС компаниясы табиғат қорғау саясатын және өз қызметін жүргізуге арналған басқару процесстерін жүзеге асырды.

Табиғат қорғау заңдарын, ережелерін және нормаларын құрметтеуді, ЖШС қызметінің қоршаған ортаға әсерін минимумға жеткізуді және қалдықтарды тиімді түрде жою мен қайта өңдеуді әрбір Қызметкер мен Өкілдің шешімдері мен іс-әрекеттерінде назарға алынуы тиіс және біздің жобаларды басқару кезінде енгізілуге тиіс.

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі өзінің жеткізушілері мен субмердігерлерінің экологиялық мәселелерді басқаруда жауапкершілікпен және міндеткерлікпен әрекет етулерін қолдайды. Бұған қоса, «Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі өзінің жеткізушілері мен субмердігерлерінен, суды, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну көлемін азайтатынына үміт артады.

### ***ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАР МЕН НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ІЛГЕРЛЕТУ***

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі дұрыс жағдайдағы жұмыстардың басымдылығын мойындайды. Сондықтан «Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі Халықаралық Еңбек Ұйымының қағидаларын басшылыққа алады және өзінің субмердігерлерінен және жеткізушілерінен сол қағидаларды құрметтеулерін күтеді.

## **4. ЖШС активтерін қорғау**

### ***АҚПАРАТТАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДҰРЫСТЫҒЫ***

ЖШС-нің активтерін қорғауды қамтамасыз ету үшін, Қызметкерлер немесе Өкілдер, өздерінің жауапкершіліктері шегінде, өз тараптарынан уәкілетті алушыларға берілетін ақпараттардың дәлдігі мен сенімділігіне кепілдік беруге тиіс. Бұған қоса, олар өздерінің кәсіби міндеттері мен міндеттемелері шеңберінде рұқсаты бар, ақпараттардың құпиялылығын қорғауға қажетті шараларды жүргізуге міндетті. Қызметкерлер мен Өкілдер өз басшыларының нақты рұқсатынсыз, ауызша, жазбаша немесе электронды құралдар арқылы ақпараттың құпиялылығын жария етпеу міндеттемесін орындауға тиіс. Бұл міндеттеме Қызметкердің немесе Өкілдің ЖШС-нен кеткенінен кейінде күшін сақтайды.

Құпиялылық бойынша міндеттемелер «Reservoir Evaluation Services» ЖШС-нің өз клиенттерінен алатын ақпараттарына және сонымен қатар, ЖШС-нің өзіне тиесілі ақпараттарға да қолданылады. Жалпы ереже ретінде «Reservoir Evaluation Services» ЖШС-гі өз клиенттерінен алатын кез келген ақпараттың және өзінің клиенттермен жасаған қарым қатынастары барысында ЖШС-гі өз клиенттерінен алатын кез келген ақпараттың және өзінің клиенттермен жасаған қарым қатынастары барысында оған мәлім болған кез келген ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

Төмендегілер сияқты «Reservoir Evaluation Services» ЖШС құпия ақпараттары:

- (i) Жаңа өнімдерге қатысты жобалар немесе ұсыныстар
- (ii) Бұйымды жобалауға және орындауға, зерттеуге, жасауға, өндіруге, таратуға, маркетингке және сатуға қатысты жарияланбаған немесе фирмалық ақпараттар
- (iii) Клиенттерге берілген ақпарат, сатып алуға және сатуға қатысты тапсырыстар, сондай-ақ, сату талаптары
- (iv) Негізгі шарттар
- (v) Ұсынылған сатып алулар немесе біріккен кәсіпорындар
- (vi) Құқықтық іс әрекеттерге қатысты, атап айтқанда, интеллектуалды меншікке қатысты құқықтық әрекеттерге қатысты файлдардың мазмұны.

ЖШС-дағы барлық Қызметкерлер мен Өкілдердің сақтаулары және қорғаулары тиіс, үлкен артықшылықты білдіреді. Бұл ақпарат «Reservoir Evaluation Services» ЖШС-нің меншігі болып табылады және қызметкердің немесе үлестес тұлғаның өз міндеттері мен міндеттемелерін орындау кезінде тиісті рұқсатты алған кейін ғана пайдалануға болады.

Осындай жолмен, ЖШС Қызметкерлері мен Өкілдері бұрынғы жұмыс берушіге тиесілі кез келген құпия ақпараттарды жария етуге жол бермеуі тиіс.

### ***МЕНШІКТЕР МЕН РЕСУРСТАРДЫ ҚОРҒАУ***

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС-нің Қызметкерлері мен Өкілдерінің, өз міндеттемелерінің шеңберінде, ЖШС-ға тиесілі активтерді пайдалануға рұқсаттары болады. Бұл активтер тек қана ЖШС-ның пайдасы үшін ғана пайдаланылуы тиіс. Бұған қоса, ЖШС Қызметкерлері мен Өкілдері бұл активтерді нашарлаудан, жоғалудан немесе жойылудан сақтауы тиіс.

Атап айтқанда бұл тауарлар мен ресурстарға, коммерциялық құпия, патенттер және сауда белгілері, сондай-ақ, қондырғылар, объектілер, жабдықтар және қаржылық ресурстар сияқты, зияткерлік меншік құқықтары тиесілі.

### ***АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ***

ЖШС компьютерлерінде лицензияланбаған бағдарламалық қамсыздандырулар қолданылмайды. Қызметкерлер мен Өкілдерге олардың кәсіби қызметтеріне қатысы жоқ ақпараттарды Интернеттен жүктеп алуына тыйым салынады.

### **5. Қаржылық қауіпсіздік және айқындылық**

Бухгалтерлік операцияларды есепке алумен айналысатын әрбір Қызметкер немесе Өкіл бұл операциялардың ағымдағы қағидаларға және бухгалтерлік есепке алу процедураларына сәйкес ЖШС-ның шоттарында адал тіркелгендігіне кепілдік беруі тиіс. Бұған қосымша түрде, қаржылық есеп беру мақсаттарында берілген қаржылық ақпараттар, тиісті бөлімшенің қаржылық жағдайын дәл және дұрыс бағалау үшін, негіз болып табылуға тиіс.

ЖШС-ның ішінде қолданылатын бухгалтерлік және қаржылық ережелер мен процедуралар Қазақстан Республикасының заңдарына, ал талап етілген жағдайларда, халықаралық заңдарға қатаң сәйкестікте орындалуға тиіс.